

Қазақ тілі
2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы бөбекжай -балабақша: «Дарын»

Топ: ересек «Құлышақ»

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2021-2022 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған оқу қызметі	Ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері
Сәуір	Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none">- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту. <p>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p>Тілдік дамытушы орта.</p>

Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Қазақ тіліне тән ө, қ, і, ү, ұ, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуда баулу.

Сөздік қор.

Тындалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Сөздерді жіктеп, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуда, өз бетінше ретімен қайталап айтуда, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруда, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен

		сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.
--	--	---